

АМАНГЕЛДІ

24 СӘУІР
ЖҰМА
2015 ЖЫЛ
№16 (7658)

Аудандық апталық газет. e-mail: amangeldy-arai@mail.ru
1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

2015 жылдың 26 сәуірі - Қазақстан Республикасы Президентін сайлау күні

ҮМІТКЕРДІ ҚОЛДАУ ФОРУМЫ



21 сәуір күні Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық штабтың ұйымдастыруымен өңірлік форум өтті. Форумға ауданның мекеме, кәсіпорын, мектеп ұжымдарының қызметкерлері қатынасты.

Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі облыстық штабтың өкілдері: Социалистік Еңбек Ері, «Қарқын» ЖШС-ның директоры С.Бұқанов, ауылшаруашылығының білгір маманы, «Светлый Жаркол» ЖШС-ның директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Ибраһим Естаев, Қазақ ССР-нің еңбек сіңген мәдениет қызметкері, әнші-композитор Бақытжан Сәуекеновтер облыс орталығынан арнайы келді.

Форумды Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық штабтың төрағасы Абзал Ташимов ашып, жүргізіп отырды.

Форумда облыстық штаб өкілдері: С.Бұқанов, И.Естаев сөз сөйлеп, еліміздің ертеңі мен бүгінін салыстыра отырып Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылық жасаған уақыттарындағы еңбектерін жан-жақты баян етті.

- Әріге бармай-ақ аудандарыңыз бұрын қандай еді, қазір қандай өскен, халықтың әл-ауқаты мен мәдениеті қарқынды дамып келеді. Сіздердің аудандарыңыз облыс орталығынан шалғай жатса да дамып, өркендеу үстінде екен. Кешеден бері аудандарыңызды аралап, кең көшелерді, жаңа ғимараттар-

ды, жөнделген мекемелерді көзімізбен көрдік. Бір ауданда 5 мектеп, 3 балабақша болуының өзі Елбасымыздың ерен еңбектерінің арқасы. Қазақстанның әрбір азаматтарын осындай айтулы сәтте Президент сайлауында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа дауыс беруге шақырамыз! - деді Сайран Бұқанов, Ибраһим Естаевтар.

Келесі кезекте әнші-композитор Бақытжан Сәуекенов баянмен әуелете ән шықпап, жиналған қауымды қуанышқа кенелтіп, серпілтіп тастады. Ол жергілікті Торғай аймағынан шыққан ақындар мен композиторлардың әндерін әуелете шырқады.

Бұдан соң Октябрь Революциясы және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, зейнеткер, еңбек ардагері Т.Құтжанова, Е.Сейкенов атындағы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Н.Әбдіхалықов, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің жас ұстазы Б.Әлімғазина, жас кәсіпкер А.Таңатбаев, аудандық орталық аурухана хирургия бөлімінің меңгерушісі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері Б.Кенжебековтер сөз сөйледі. Медицина, спорт, кәсіпкерлік салаларының дамуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың айрықша көңіл бөліп келе жатқандығын атап өтті. 26 сәуір күні өтетін сайлауда Президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевқа бірауыздан дауыс беретіндіктерін мәлімдеп, аудан халқын дауыс беруге шақырды.

Форумға жиналғандар Қазақстан Республикасы Президенттігіне үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау жөніндегі аудандық қоғамдық штабтың жанындағы ерікті жастардың күшімен қойылған әдеби-сазды концертті тамашалады.

Сондай-ақ, облыстық штаб өкілдері: С.Бұқанов, И.Естаев аудан жастарымен «Наурыз» алаңында кездесті.

Кездесу барысында олар:

- Білім аламын, еңбек етемін, кәсібімді ашамын деген жастарға Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев кең жол ашып қойды - еңбек етіндер, оқындар, еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлестеріңді қосындар, Қазақстанның болашағы сендердің қолдарыңда! - деді.

Олар сонымен қатар жастарды сайлауға бір кісідей қатысып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа дауыс беруге шақырды.

Кездесуде Бақытжан Сәуекенов бірнеше ән шырқады, форумға келген барша қауым ескерткіш суретке түсті.

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА,
өз тілішіміз.

Суретте: форумға қатысушылар С.Бұқановпен, И.Естаевпен, Б.Сәуекеновпен бірге ескерткіш суретке түскен сәт.



Кәсіпкерлер бастамасы

АЛАМАН БӘЙГЕГЕ - АВТОМАШИНА!

Ұлы Жеңістің 70 жылдығын лайықты атап өту жолында ауданымыз бойынша көптеген игі жұмыстар жүруде. Соның бірі - Жеңіс құрметіне ат бәйгесін өткізу. Ал ат бәйгесі - қазақ үшін ерекше өнер!

Аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов өңір кәсіпкерлеріне аламан бәйгенің бас сыйлығына автомашина тігу туралы ұсыныс жасады. Бұл ұсынысты бір топ кәсіпкерлер құп алды. Олар қосылып, аламанды озып келген тұлпарға орталарынан су жаңа автомашина мінгізетін болды.

Бұл - жақсы жаңалық, жақсы бастама! Аудан әкімі осы шараға үлес қосқан барлық кәсіпкерлерге Амангелді елінің атынан алғыс айтып, еңбектеріне табыс тіледі.

Бұл жолы - аламан бәйгеге ауданымыздың 30 елді мекенінің ғана жүйріктері қосылады. Сырттан бірде-бір ат қосылмайды. Бұл жөнінде

селолық және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берілді. Максат - ауданымыздың ат спортына көтеру. Ол үшін өзіміздің жүйріктерімізді ұлттық ат ойындарының қай түріне болмасын дайындау. Автомашина да сол үшін тігіліп отыр.

Өйткені, соңғы кезде ауданымыз бойынша ат спорты ойдағыдай дамымай келеді. Оны дамыту үшін кәсіпкерлеріміз осындай бір жақсы қадамға барды. Болашақта олардың бұл бастамаларын өзге кәсіпкерлер де қолдайды деген ойдамыз.

Ия, аламан бәйгеге тігілген машина кімге тиседе иесіне құтты болсын! - деп тілейміз. Сонымен ағайын, аламан бәйгеге ат қосып, бағыңызды сынаңыз! Мүмкін, Сіздің атыңыз бірінші келіп, автомашинаны олжаларсыз. Халқымыз «бақ шаба ма, бап шаба ма» деп бекер айтпаған ғой.





МАЙДАНГЕРЛЕР — ҚАҒАРМАН ҚАЙРАН ЕРЛЕР,

Әлім СМАҒҰЛОВ – 1908 жылы Қабырға ауылында туған. 1941-1944 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысқан. Көп жыл ауылдық кеңес хатшысы, койма менгерушісі болып қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан.

Сейдәзім РАЙЫСОВ – 1908 жылы Байғабыл ауылында туған. Мұғалімдер дайындайтын курстан өтіп, бастауыш мектеп мұғалімі болған. 1941-1945 жылдар аралығында Отан соғысына қатысқан. Қызыл Жұлдыз орденімен, Ерлігі үшін, Сталинградты қорғағаны үшін медальдарымен марапатталған.

Ғабдол-Мажит ӘЛИЭКПАРОВ -1910 жылы Батпаққарада туған. 1938-1948 жылдары армия қатарында болған. Соғыста 120 АД құрамында қатардағы жауынгер болған. Эстония жерін азат ету ұрыстарына қатысқан. Жауынгерлік 6 медальмен марапатталған. 1948 жылы елге оралғасын бұрынғы жұмыс орнында койма менгерушісі болған.

Дүйсенбай БАЙҒОЖИН – 1911 жылы Жаңатұрмыс ауылында туған. 1942-1943 жылдар аралығында соғысқа қатысқан. Зенбірек көздеушісі болған. Украина, Беларусь, Прибалтика майдандарында Ростов қаласын, Қырымды, Беларусь азамат етуге қатысқан, I дәрежелі Отан соғысы орденімен және оншақты медальмен марапатталған.

Сейткамал СЕЙТЕНОВ – 1911 жылы Ағаштыкөл ауылында туған. 1940 жылы әскерге шақырылып, соғыста 147 АП құрамында пулеметчик болған. 1946 жылы әскерден босап, елге келген соң шебер ұста болған.

Хамит БӨЙТЕНОВ – 1912 жылы Үйрек ауылында туған. 1942 жылы әскерге алынып, қатардағы жауынгер болады. Калинин қаласы маңында болған соғыста ауыр жараланып, 1943 жылы елге оралады. Колхоз төрағасы, бөлімше басқарушысы болады.



Ерхан ТҰРМАҒАНБЕТОВ – 1912 жылы Батпаққара ауылында дүниеге келген. Орташа мектепті бітіріп, 1932 жылы аудандық тұтынушылар одағында есепші болған. 1942 жылы әскерге алынып, 1943 жылы ауыр жараланып, елге оралған. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Аудандық халық ағарту бөлімінде ұзақ жылдар бас бухгалтер болып қызмет жасаған.

Ғабдол-Ғазиз ӘМІРХАМЗИН – 1913 жылы Батпаққара ауылында туған. Ұстаз болған. Соғысқа 1942-1945 жылдар аралығында қатысқан. Бірнеше орден, медальдардың иегері. Жасбуын орта мектебінің алғашқы директоры.

Ақан БАЙТАСОВ – 1913 жылы Қызбел ауылында туған. 1939 жылы әскер қатарына шақырылған. 1940 жылы Фин соғысына қатынасқан. Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан. 1946 жылы елге оралған. Шопан болған.

Белғожа ЖАМАНСАРИН – 1914 жылы Торғай уезі, Жаркөл ауылында туған. 1936 жылы Жаңатұрмыс колхозының төрағасы болған. 1942 жылы соғысқа алынып, 1945 жылы оралған. Колхоз төрағасы, ауылдық кеңес төрағасы, колхоз партия ұйымы хатшысы қызметтерін атқарған. I дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Зейнолла АХМЕТОВ - 1914 жылы Байғабылда дүниеге келген. 1942 жылы әскер қатарына алынған. Майданда 115-ші атқыштар полкінің құрамында Батайск және Дондағы Ростов үшін шайқасқа қатынасып, алғаш жауынгерлік сынақтан өтеді. 1943 жылдың аяғында елге оралады. Елге келген соң колхоз жұмысына араласып, мал бағады.



Суреттерде (солдан оңға қарай), бірінші қатарда: Әлім Смағұлов, Сейдәзім Райысов, Ғабдол-Мажит Әлиэкпаров, Дүйсенбай Байғожин.

Екінші қатарда: Сейткамал Сейтенов, Хамит Бөйтенев, Ерхан Тұрмағанбетов, Ғабдол-Ғазиз Әмірхамзин.

Үшінші қатарда: Ақан Байтасов, Белғожа Жамансарин, Зейнолла Ахметов, Махмұт Әбдіхалықов.

Төртінші қатарда: Қали Айқынов, Кәкім Махметов, Тұяқбай Италмасов, Байзақ Едресов.

Бесінші қатарда: Нұрғожа Жамансарин, Досымбек Тұрғынбеков, Мүбәрәк Ахметов, Мыңжасар Ташмағанбетов.

Алтыншы қатарда: Әмірбек Сейтқожин, Құндақбай Берденов, Рақыш Жармағанбетов, Сәйділдә Қарғин.

Махмұт ӘБДІХАЛЫҚОВ - 1915 жылы Байғабылда туған. 06.1941 жылы Торғай АӘК-нан әскерге алынып, соғыста 32-АД, 113 АП құрамында қатардағы жауынгер болған. Жауынгерлік бес медальмен марапатталған.

Қали АЙҚЫНОВ – 1916 жылы Батпаққарада туған. 1941-1945 жылдар арасында соғысқа қатысқан. Жауынгерлік Қызыл Жұлдыз, I дәрежелі Данк орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Кәкім МАХМЕТОВ – 1916 жылы Кірпішкөл ауылында туған. Әскерге 1940 жылы шақырылып, қатардағы жауынгер болған. 1944 жылы ауыр жараланып, елге оралған. Жауынгерлік ерлігі үшін I дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Тұяқбай ИТАЛМАСОВ – 1916 жылы Батпаққарада туған. Әскер қатарына 1940 жылы алынып, 41 АД 861-інші АП құрамында жауынгер болған. Елге 1945 жылы келген, малшы болған.

Байзақ ЕДРЕСОВ – 1917 жылы Шұқыркопа ауылында туған. Әскерге 1940 жылы шақырылып, 744 АП құрамында бөлімше командирі болған. Фин соғысына қатысқан. Ұлы Отан соғысында бірнеше ерлік көрсеткен. Қызыл Жұлдыз, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Нұрғожа ЖАМАНСАРИН – 1917 жылы Торғай уезі, Жаркөл ауылында туған. 1942-1944 жылдар аралығында соғысқа қатысқан. Ауыр жарақат алып, елге оралған. Шопан болып еңбек еткен, I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Досымбек ТҰРҒЫНБЕКОВ - 1917 жылы Үштоғай ауылында туған. 1942-1946 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына қатысқан, әскери қызметте болған. Бірнеше медаль алған. Әскерден келген соң Құсмұрын станциясындағы темір жол депосында жұмысшы болған. Кейін «Степная» совхозына келіп еңбек еткен.

Мүбәрәк АХМЕТОВ – 1918 жылы Торғай уезі, Тосын ауылында туған. 1939 жылы әскерге шақырылып, 3 АП құрамында болған. 1941 жылдың маусым айында жаяу әскер училищесіне түсіп, оны бітіргеннен кейін рота командирі болған. Соғысқа қатысқан. Бірнеше медальдармен марапатталған. Сталиннен 2 рет Алғыс хат алған. Қызыл Жұлдыз, А. Невский ордендерімен марапатталған.

Мыңжасар ТӘШМАҒАНБЕТОВ – 1918 жылы Байғабыл ауылында туған. 1941-1946 жылдар аралығында соғысқа қатысқан. Бірнеше медальдармен марапатталған. Кейін қойшы болған.

Әмірбек СЕЙТҚОЖИН – 1918 жылы Сартал ауылында туған. 1940 жылы әскер қатарына шақырылып, 511 АП жауынгер болған, соғысқа қатысқан. 1945 жылы елге оралған. Колхозда жұмыскер болған.

Құндақбай БЕРДЕНОВ – 1919 жылы Жыланшықта Токпан ауылында туған. Соғысқа 1942 жылдың наурыз айында барған. 623 артиллериялық полкте көздеуші-мерген болған. Әскер қатарынан 1945 жылдың мамырында елге оралған. Жауынгерлік 5 медальмен марапатталған.

Рақыш ЖАРМАҒАНБЕТОВ – 1920 жылы Екідінде туған. Әскерге 1940 жылы шақырылып, №94 атқыштар полкінде жауынгер болған. Украина майданында соғысқан. 1943 жылы жараланып елге оралған. Селолық кеңесте көп жыл хатшы болып, зейнеткерлікке шыққан.

Сәйділдә ҚАРҒИН – 1920 жылы Байғабыл ауылында туған. Әскер қатарына 1942 жылы алынып, 1948 жылға дейін әскер қатарында болады. Жауынгерлік еңбегі үшін медальмен марапатталған. Колхоз, совхоз жұмысына белсене араласып, мал баққан.

ЕСІМДЕРІҢ ҒАСЫРДАН-ҒАСЫРҒА ӨРЛЕР!



Искендір НҰРЖАНОВ – 1906 жылы Қоғалыкөл ауылында туған. Колхозда баскарма болған. Ленинград майданында соғысқан. «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. Бауырластар зиратына жерленген. Әкесінің жерленген жеріне баласы Мираш 64 жылдан кейін барып қайтты. Ол жақтан әкесінің бас киіміне тағылған жұлдызшаны, пистолетін, октарын, медалін, әскери қаруын, оққағарын, «Нұржанов» деген фамилиясы жазылған қасығын, сапер күрегіні алып келіп, А.Иманов музейіне тапсырды. Алайда, І.Нұржанов «Олар Жеңіспен оралды» атты 2009, 2011 жылдары Қостанайдан шығарылған кітапқа еңбей қалған.

Әубәкір ДҮЙСЕНБИН - 1906 жылы туған. Аудандық атқару комитетінің төрағасы болған. 1938 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің алғашқы депутаты болып сайланғандардың бірі. 1943 жылы Сталинград майданында ерлікпен қаза тапқан. Бұл кісі де жоғарыда аттары аталған екі кітапқа кірмей қалған.

Тайшыман ИСАБЕКОВ – 1920 жылы Албарбөгет ауылында туған. Әскерге 1941 жылы алынып, II Украина майданында мергендер ротасында, кейін барлаушылар бөлімшесінде командир болған. Киев, Вена, Прага, Будапешт қалаларында ұрысқа қатысқан. Қызыл Жұлдыз орденімен және бірнеше медалдармен марапатталған. Елге 1945 жылы оралып, ұстаз болған.

Қабжамал МҰҚАНОВ – 1921 жылы Бүйректал ауылында туған. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, 615 АП құрамында қатардағы жауынгер болған. 1942 жылдың қараша айында ауыр жараланып, елге оралған. Ерлігі үшін және бірнеше мерекелік медалдармен марапатталған.

Ағытай ҚАРАҒҰЛОВ – 1921 жылы Құмкешу ауылында туған. 1941 жылы әскерге шақырылып, 226 Мин полкінде бөлімше командирі болған. Жауынгерлік Даңқ, Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медалдармен марапатталған. Әскерден 1945 жылы босаған. Ауданда мәдениет саласында қызмет жасаған.




Сапабек ЖҮСІПОВ – 1921 жылы Байғабыл ауылында туған. 1942 жылы соғысқа алынып, Сталинград, 4 Украина, Донбасс, Мелитополь, Керч, Севастополь қалаларын босатуға қатысқан. Әскерден 1946 жылдың май айында оралған. 1965 жылға дейін Қарағандыда шахтада жұмыс істеген. 1965 жылы елге оралып, совхозда еңбек еткен.

Қажен ДОСМАҒАНБЕТОВ - 1921 жылы 1 мамыр күні Бүйректал ауылында дүниеге келген. 1941 жылы маусым айында Торғай АӘК-нан әскерге шақырылып, соғыста 11 дербес атқыштар батальонында қатардағы жауынгер болған. Әскерден 1945 жылдың мамырында босап, елге келіп, 1997 жылы қайтыс болды. Жауынгерлік 5 медальмен марапатталған. Сонымен қатар 2004 жылы соғыстың аяқталғанына 60-жыл толуына орай Украина Президенті Л.Кучмадан «Украинаны азат еткені үшін» Алғыс білдіріліп, мерекелік медальмен марапатталды.

Мұхамедия ШӘРІПОВ – 1921 жылы Ағайдар ауылында туған. Соғыста 823 АП құрамында жауынгер болған. 1944 жылы Витебск облысы, Блохи деревнясы үшін болған ұрыста бір аяғынан айырылып, соғыс мүгедегі болып елге оралған. Колхоз-совхоздарда бухгалтер болып қызмет жасаған.

Доске БАЙМОЛДИН – 1922 жылы Ақсай ауылында туған. 1942 жылы әскерге алынып, 465 АП құрамында қатардағы жауынгер болған. 1944 жылы I Украина майданында жараланып, елге оралған. Ұстаз болған.

Төлеубай БІРМАҒАНБЕТОВ - 1922 жылы Амантоғайда туған. 1942 жылы ақпанда әскерге шақырылып, соғысты 163 СД, 113 АП құрамында қатардағы жауынгер болған. Смоленск облысының Грынь селосы үшін



Суреттерде (солдан оңға қарай): Бірінші қатарда: Искендір Нұржанов, Әубәкір Дүйсенбин, Тайшыман Исабеков, Қабжамал Мұқанов.

Екінші қатарда: Ағытай Қарағұлов, Сапабек Жүсіпов, Қажен Досмағанбетов, Мұхамедия Шәріпов.

Үшінші қатарда: Доске Баймолдин,

Төлеубай Бірмағанбетов, Кәрім Тоқсанбаев, Көпей Қорғанбеков.

Төртінші қатарда: Әбдіхамит Төлеуов, Ғабдол-Ысқак Әмірхамзин, Төлеубай Ыдырысов, Сағындық Алданазаров.

Бесінші қатарда: Ғалымжан Бәйішов, Қашеп Баймолдин, Әбдісадық Нұржанов, Қали Бекжанов,

болған соғыста жараланып, 1943 жылы елге оралған. Есеп қызметінде істеген. Бөлімше басқарушысы болған. Бірнеше медальмен марапатталған.

Кәрім ТОҚСАНБАЕВ - 1922 жылы Жанатұрмыс ауылында туған. 1942 жылы әскерге алынып, Курск, Орел қалаларындағы ұрысқа қатысқан. 1943 жылы ауыр жараланып, елге оралған. Ленин, Жданов, Амангелді, Аяк-Мойылды, Октябрь колхоздарында бас есепші қызметтерін атқарған. 1960 жылдан бастап Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоз директорының орынбасары, бөлімше менгерушісі, зоотехник болған.

Көпей ҚОРҒАНБЕКОВ – 1923 жылы Жанаталап ауылында туған. 1942 жылдың сәуір айында әскерге шақырылып, II Украина майданында соғысқа қатысқан. Елге 1944 жылы оралған. Колхозда есепші, сатушы болған. Кейін бас жылқышы болып еңбек еткен.

Әбдіхамит ТӨЛЕУОВ – 1923 жылы Жаңауыл ауылында туған. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Калинин және Прибалтика майдандарында шайқастарға қатысқан. Елге 1946 жылы оралған. Әуелі А.Иманов, сосын Қарасу колхоздарында есеп жұмыстарын атқарып, 1950 жылы аудандық соттың хатшысы болған. 1952 жылдан ішкі істер бөлімінде қызмет істеп, майор шенімен зейнеткерлікке шыққан.

Ғабдол-Ысқак ӘМІРХАМЗИН - 1923 жылы Батпаққарада туған. 1941 жылы әскер қатарына алынып, 1942 ауыр жаракат алып, елге оралған. Колхоз-совхоздарда есепші болып қызмет жасаған.

Төлеубай ЫДЫРЫСОВ – 1924 жылы туған, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жауынгерлік Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Елге оралған соң аудандық газет редакциясында қызмет істеп, ҚазҰУ-дің жұрпағына түскен. Оны бітірген соң «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Қазақстан коммунисті» журналында бөлім менгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болған.

Сағындық АЛДАНАЗАРОВ – 1924 жылы Жаңауыл ауылында туған. 1942 жылы әскерге шақырылып, 91 минометшілер полкінде қатардағы жауынгер болған. Ерлігі үшін 7 медальмен марапатталған.

Ғалымжан БӘЙІШЕВ - 1925 жылы №8 ауылда дүниеге келген. 1943 жылдың маусым айында соғысқа аттанды. Украина майданында көздеушісі болады. Эстонияны азат етуге қатысады. 1950 жылы елге оралады. 1950-1952 жылдары ҚазПИ-де оқып, ауданға оралады. Аудандық партия комитетінде саяси-ағарту кабинетінің менгерушісі, совхоз партия ұйымының хатшысы, одан кейін мұғалім болады.

Қашеп БАЙМОЛДИН – 1926 жылы Қарасу ауылында туған. Соғысқа 1943 жылы 375 АП құрамында қатардағы жауынгер болып қатысқан. 1945 жылы елге оралған соң зейнеткерлікке шыққанша қой баққан.

Әбдісадық НҰРЖАНОВ – 1926 жылы Байғабыл ауылында туған. 1944 жылы Отан соғысына барған. Елге оралған соң мұғалім болған. Кейін аудандық кәсіподақ комитетінің, аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болған. Қазақстанның 40 жылдығы атындағы, «Коммунизм жолы» совхоздарында директор, Аманкелді селолық советінде төраға болып қызмет жасаған. Бірнеше орден-мелддардың және Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері атағының иегері.

Қали БЕКЖАНОВ – 1926 жылы 5 мамырда Байғабыл ауылында туған. 1944 жылы 15 наурызда әскерге шақырылып, II Беларусь майданында соғысқа қатысқан. II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Елге келген соң ауылдық кеңесте маман болған, одан кейін ауылдық кеңестің хатшысы болған.



МАЙДАНГЕРЛЕРДІҢ САРҒАЙҒАН ХАТТАРЫ СЫР ШЕРТЕДІ



Құрметті оқырман! Жеңістің 70 жылдығына санаулы ғана күндер қалды. Бұл мерекені атап өтуге Тәуелсіз Қазақ елі де қызу әзірлік үстінде. Соғысқа қатысқан аталарымыздың бәрін де батыр деп есептейміз. Өйткені олар кеңестік Отанымызды қорғады. Сол кезде соғыста жүріп, аталар туған елге сағынышты хаттар жазды, өлең-жырлар жазды. Оларды туған елге аттандырды. Бүгін біз сондай сағынышқа толы хаттардың бір тобын Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

«АА» газетінің редакциясы

Податъ отъ насъ.

Мортаниско? Джансори, А. жамор, Матан ерден жазы-
ган Хаттарды катарың башыңа, Отан алыбыңа (теңиз)
судуктасың. Нан, Сиздер! Маңаттарды ден атыгың.

[illegible]

Омален батар, "Биздин калык вини истерим иине калык
Батар калык деген атары ие болган" Сиздин Биздин
дунда табакчага калык дунда болган, келешек калык
Омалыгын ие, табакчага калык дунда
бу калык, табакчага калык!

Тоіз талдан Отан согуш, Кезинде Мушкетерларан істини талдан
Ватанна Кутузов талдан отурады. Отан Шинде Казактан
Ахметовтан талдан урдыкта Казактан, талдан Казактан
Казактан Казактан. Ахметовтан Казактан Казактан, Казактан
Казактан Казактан Казактан.

"Херзалъ отъмъ Халкънынъ Битишъ Ватааны дряще Кочелетъ Момыжъ.
Осер. Жотуртъ ес вемтигъ Е - Веселестура" Нозимъ думи
Корелетъ дрящъ ес ватааны дряще Оме Рваннъ боларъ бизъ.

Молдавия, Волны Горняке Озиданг турат, Оскан Мудим

Ал анлогот Абулханов Ризуе и болон тэдгээр нэгтгэ
Вуанханов Ризуе айгуур ароз Эрхдэг.

Соттаны Каттаны тоотто кында: Уй Мангудукту, манс
Ах мугтанов, Калма, Досанов, Муганов, Мукит, Ботанов,
Жустанов, Галамжанов, Калграбаов, Акиевулов, Байгонов,
Майлов, атайлар, таты аттар оталмаштыруу, Рыскаев,
Барлов Калып, Калма Калма тоотто кында, Сураман.

Удостоверение на Мисленица Лазарова Латина Иштван Иштван
Мисленица Лазарова
15-04-48.

Хаз Вутман.
Адрес!

Food of worms 77635-D.

Бұл - жерлесіміз Ұлы Отан соғысының ардагері Жұқатай ДОСАНОВТЫҢ аудан басшыларына жазған хаты.

Ол «...Біз тылдың Отан соғысы кезінде қалай жұмыс істеп жатқанын күн сайын танысып отырамыз. Оның ішінде қазақстандықтардың тылдан фронтқа қажымай, талмай ерлікпен көрсеткен көмектерін естігенімізде көп қуанышқа ие боламыз...

Өзімнің түлеп, өскен жерім Амангелді

ауданында сіздер ие болған табысқа менің қуанышымды сіздерге айтуға ауыз жетпейді» - деп өзінің ризалығын білдірген.

Бұл хаттан соғыста қан кешіп жүрген азаматтың ауыр жағдайды басынан кешкеніне қарамастан, туған жер мен туған елге деген ыстық сағынышын аңғару қиын емес. Олар майданда жүріп те туған елдің тілегін тілеген. Қалай риза болмассың?!



Аманкелділік Бәйтеміров Хамидің (10.11.1943ж.) және Бәйтеміров Досмағамбеттің (12.04.1942) от пен оқтың ортасында жүріп, елдегі ағасы Бәйтеміров Махмұтка жазған сарғайған хаттары туыстарының қолында сақталған. Сарбаздан келген соңғы хат... сұрапыл соғысқа кіріп бара жатып жазды ма екен?! Бәлкім, қан майданның ортасынан кері шықпасын сөзді ме екен?!

Амандық хат!

Жәкен, Бибіжамал, қалқам Хабдрахман, Өміржан және Сағила, Хатима, Махмет, аман-сау барсыңдар ма? Көп уақыттан бері амандықтарына қанық емеспін ғой.

Өзім де аман, дегім сау, әлі тоқтағанмыз жоқ. Жүріп барамыз. Бетіміздің қай жақ екенін білмейміз. Осы жүріп келе жатқанның өзінде хат жазуға уақыт жоқ. Задание көп. Шамам келсе аمانдықты білдіріп тұрамын. Тамақ тоқ. Хайыр хош. Атымды атап сұраған жанның бәріне тегіс сәлем.

Махмұт, байқап отырған шығарсың, пойыз селкілдеп жаздырмайт. Үй ішіне тегіс сәлем. Хамидан хат бар ма? Әрбір калаға келіп түскенде сұраймын. Хами кездесіп қала ма деп. Бірақ кездескен Хами жоқ маған. Жолыққанша хош жүріндер. Досмағамбет. 3.02.1943 жыл.

Амандык хат!

Қымбатты туыскандар: Жакен, Бибіжамал, Хабдрахман, Өміржан, Сағила, Хатима, Махмет. Дендерің сау, аман бар шығарсыңдар.

Өзім де аман, денім сау, сырқаудан тәуір болды деп қарап, денсаулығы жақсы деп тауып тағы пронтка жіберді. 18.01 күні кешкі сағат 8-де пойызға мінем, алла оң жолын берсе.

Мен мұнан бұрын 18.01 күні ертемен бір хат салғам. Бұл хатым нақты жүрген хатымыз. Бетім Калинин бағыты. Қасымда бір өзбек бала бар. Басқасы тегіс орыс. Басқа не жазайын. Ел адамы, сұраған жанға тегіс сәлем айт. Хайыр хош. Жолыққанша. Қолдарыңды бер ұсынам (стрелкамен өзінің қолының суретін салыпты).

Махмет, үй-іші не жазғанымды білмеймін. Қатесі болса хафу етерсіңдер. Алладан басқа серігім жоқ. Тек көруге жазсын.

Халхам Өміржан, түрінді көріп, бетіңнен иіскеп, аман есен барып, үш ай жүріп, алланың ақ өлімімен өлсем, арман етпес едім еш нәрсені. Хайыр хош. Досмағанбет. Үй іші тегіс хош тұрындар.

18.01 күні сағат 3.00 кетті осы хатым. Жаман айтпай жақсы жоқ. Далада қалып қоямын ба деп қорқамын.

Амандық хат!

Қымбатты Сағила, ден халың сау сәлемәт барсын ба?
Үй іші, Ағамның, Бижамал, Хатима және Хабдрахманның ден-халдері сау ма? Тұрмыс жағдайларың қалай, жалпы ел тұрмысы қандай жағдайда? Осы хатымды жолдап отырып, үй ішіне, туған-туыстарға, іліктерге, апайларға және осы хатымның харсаңында таныс көршілеріңе бұрын соңды достарға менен сәлем!

Біз сияқты Отан қорғау жолында соғыста жүрген балаларын, іні-аға, достарын ұмытпай, тату тұрмыста өту үшін, Қызыл Армия үшін, еліміз жолында бағырларын тікпейсің!

Армия үшін, өндіріс жолында болуларыңды тілейміз!
Бойға сіңген ауру емес, мандайға тимесе наверняка әлі-ақ барармыз.

Жалпы жагдайымды айтып бұдан бұрын жақында кат жазып ем және 30 октябрь күні 500 сом акша жібергем. Ағам атына 4-уал адресине. Бұрынғы әдрестер жарамайды, мына әдреслен хат сал. Досмағамбет жайында жаз. Махаң алынды ма? Мен білетін ел балаларынан жараланып барғаны бар ма? Төкен қайда? Шәмбіл, Сейденнен хабар біле ме? егер ұзақ уақыт средний командирден (кадровый) қабар болмаса, Наркомоборона жанындағы отд.кадрынан сұрап білуге болады. Хош.

1451 полевая почта, часть 546. Байтемирову Х.Ж. 10.11.42 г.

Камишат АБЖАНОВА,
А.Иманов атындағы мемориалдық мұражайдың аға
ғылыми қызметкері
Суреттерде: жауынгер Бәйтмұров Хами және
үйбұрыстың хаты.



ӘКЕ АРМАНЫ МЕН ҮМІТІ

Әкем Жапаров Темір 1906 жылы тамыз айының 20-сы күні Қостанай облысы Амангелді ауданы 1 Май ауылдық кеңесіне қарасты Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келді. Совет үкіметі орнаған кезде комсомол қатарына өтіп, колхоз комсомол ұйымын басқарды. 1926-1932 жылдар аралығында №2 ауылдық кеңестің ауылнайы қызметін атқарды. 1932-1941 жылға дейін Тельман атындағы колхозға басқарма болды.

1941 жылы Торғай әскери комиссариатынан армия қатарына шақырылып, Шұбаркөл қаласында әскери дайындықта болып, 290-гвардиялық атқыштар полкінде (II Украина майданы) зеңбірек көздеушісі болды.

Кировград облысына қарасты Александрия қаласы үшін болған қиян-кескі соғыста немістерді ойсырата жеңуге үлкен үлес қосты. Осы соғыста неміс зеңбірегінің оғы әкемнің оң қолын шынтағынан жоғары жұлып әкетеді. Жауға деген ашу ызамен зеңбірекпен тағы да немістерді атуға ұмтылады. Сол кезде қасындағы солдат әкеме оң қолының оққа ұшқанын айтады. Әкем ет қызуымен

білмеген, өзінен он метрдей жерде оң қолының саусақтары жыбырлап қозғалып жатыр екен. Оң қолының иығынан қан сорғалап аға бастады. Команда алға жылжуға дайындалады. Командир әкеме рахметін айтып көмекші дәрігерге әкемді госпиталға жеткізуге бұйрық береді. Госпиталда төрт айдай емделіп оң қолын иығына жақын кестіріп, екінші топтағы мүгедек болып, 1943 жылы тамыз айында елге келді. Оққа ұшқан оң қолын Александрия қаласы маңындағы майдангерлер зиратына көмдіреді. Соғыс туралы әңгіме болғанда Кеңес Армиясының, әсіресе, қазақстандықтардың жанқиярлық ерлігін мақтанышпен айтатын еді.

Әкем елге келгеннен кейін де мүгедекпін деп қарап отырмады. Өзінің еңбекқорлығының, табандылығы мен төзімділігінің, адамдармен тіл табысып, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында көп жылдар «Калинин» колхозында қой фермасының меңгерушісі, колхоздық партия ұйымының хатшысы қызметін атқарып, мал шаруашылығының өсіп-өркендеуіне үлес қосты.

Әкем мінезге бай, сөзге шешен, замандастарымен жақсы әзіл-қалжыңдасатын, ешкімге қатты дауыс көтеріп сөйлемейтін, өз ісіне адал, мейірімді де қайырымды еді.



Біздер соғыстан кейінгі 1945-1955 жылдар арасында жазда кигіз үйде, қыста шаруашылықтың ретіне қарай қысқы бір бөлмелі үйде 2-3 отбасы бірге болатынбыз. Бір қазаннан ас пісіріп, бір дастарқаннан тамақ ішіп менікі-сенікі демей барды бөліп жеп, тату-тәтті еңбекке жұмыла араласатын едік.

Әкемнің өлең шығарып айтатыны, халық әндерін шебер орындап, домбыраны жақсы тартатын. Оң қолы жоқ болған соң домбыра шегін маған немесе жақсы қаға білетіндерге көмектестіріп, кешкі астан кейін бірер сағат

көңілді думан ұйымдастыратын. Әкемнің айтқан өлеңдерін тыңдауға кешкілік көрші-қолаң біздің үйге жиналатын. Әкемнің шығарған өлеңдерін әкелеріміз, жеңгелеріміз ойын-тойда қосылып орындайтын еді. Әкем мүгедектігіне байланысты 1960 жылы зейнеткерлікке шықты.

Мен әкемнің жалғыз баласымын. Сондықтан болар әкем менің кішкентайымнан жақсы

тәрбиелі, тәртіпті, еңбекқор, білімді болуыма көп көңіл бөлді. Мектептегі ұстаздарыммен үнемі ақылдасып отырды. Мектепті бітіріп жоғарғы оқу орнында оқуымды, ұстаздық мамандық алуымды қалады.

Мен де әке үмітін ақтадым. Қырық жыл ұстаз болдым. Мұғалімдердің ең жоғарғы атағы Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі, ССРО халық ағарту ісінің үздігі атандым. Әкем көзі тірісінде төрт немересін көрді. Әр немересі дүниеге келген сайын керемет қуанатын.

Әкем 1967 жылы 61 жасында қайтыс болды. Бүгіндері әкемнің бір баласынан 10 немересі, 28 шөбересі, 4 шөпшегі бар. Немерелері Қазақстанның әр аймағында Алматыда, Шымкентте, Астанада, Қостанайда, Арқалықта көбісі жоғарғы білімді әртүрлі мамандықта: дәрігер, сәулет өнері, ішкі істер қызметі, құрылыс маманы, мұғалім, кәсіпкер т.б.

Темір әулеті Қазақстанның дамыған 30 ел қатарына қосылуына өз үлестерін қосуда.

Әке арманы мен үміті орындалды деген осы болар.

Құланбай ТЕМІРОВ.

зейнеткер, еңбек ардагері.
Байғабыл ауылы

Суретте: ортада қолына бала ұстап отырған кісі соғыс және еңбек ардагері Темір Жапаров, екі жағында отырғандар ұлы Құланбай мен келіні Қауын.

МАҚТАН ТҰТАР АТАЛАРЫМ МЕНІҢ

Фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасаған алғашқы күннен бастап-ақ еліміз жұдырықтай жұмылып, сүбелі жетістіктерге қол жеткізді. Отанымызды қорғау үшін ер-азаматтар әскерге шақырылды. Әскерге шақырылғандардың ішінде менің аталарым бар болатын.

Менің атам Райыс Бектұрұлы - Байғабыл бойындағы Тарауда туып-өскен. Бекбауылдың кіші баласы Шілідан тараған. Атамнан 6 ұл, 3 қыз туады. Олар Оспан, Әмір, Әбдікәрім, Сейдәзім, Рахым, Әлім. Бұлардың бәрі де дәулетті, төрт түлік мал өсірген еңбекқор және діни сауатты кісілер болған. Соғыс басталғанда аталарымның алтауында әскер қатарына шақырыпты. Оспан атамды бронстен елде қалдырыпты.

Өйткені кәрі шешесі мен інілерінің отбасыларына қарайтын ешкім болмаған соң ол кісі елде қалған екен. Қалғандары соғысқа 1941 жылы алғашқылардың легінде аттанып кете барыпты.

1945 жылдың аяғында Әбдікәрім, Сейдәзім аталарым елге аман сау оралады. Сейдәзім атам соғыста бес рет жараланса, Әбдікәрім атам ешқандай жарақат алмаған. Сондықтан болар жеңгелері оны «батырым» деп қалжындайтын болған. Әбдікәрім атамның жалғыз баласы Ақбұзау да жасын екі жасқа ұлғайтып, өз қалауымен соғысқа аттанып, сол кеткеннен хабар-ошарсыз кеткен. Әбдікәрім



атам жеңісті Берлинде қарсы алыпты, «Жуковты көтеріп, қошеметтегендердің ішінде мен де болдым» деп айтып отырады екен. Соғыстың кесірінен Әбдікәрім, Рахым,

Әлім, Ақбұзау аталарымнан ұрпақ қалмады. Өйткені олар үйленіп үлгірмеген жап-жас жігіттер еді. Соғыс аяқталса, соғыстан кейінгі уақыт ең қиын кезеңдердің бірі болды. Сол сұрапыл жылдарда қанша азамат жер құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Ауылдан сән, өмірден мән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды.

Атам Оспан Райысұлы елде қалып, ауыр жұмыстарды атқарып, туыс-туғандарынның отбасыларын жалғыз өзі асыраған. Барлық ауылда

қалғандардың барлығына да қайырымы мол болған, елге сыйлы кісі болыпты. Ауданымызда құрылыс жұмыстарында ағаш шебері болып жұмыс істеген. 1961 жылы қайтыс болған.

Әмір атамнан - Сүндет, Әсипа деген екі баласынан немере-шөберелері бар. Оспан атамдан - Аманкелді туған, одан тараған ұрпақ біздерміз. Елге аман-есен оралған Әбдікәрім атамда ұрпақ жоқ. Елде ауыр жұмыстарға араласып, еңбек етіп 1976 жылы қайтыс болған. Ал Сейдәзім атамнан Дина деген бір қыз

бар. Дина апамыз байланыс саласында көп жылдар бойы басшылық қызмет атқарған. Қазіргі таңда зейнеткер.

Жеңіс бізге өздігінен келген жок. Ол бізге елім деп соққан ерлердің, бесіктен белі шықпаған 17-18 жастар аралығындағы майданға қару асынып кеткен біздің аталарымыздың батылдығының арқасында келді. Майдан даласына менің аталарым сияқты қазақ азаматтары белін бекем буып, өз ұрпағының келешегі үшін соғысқа аттанды.

Аталарымның елі үшін, ұрпағының ғұмыры үшін ерлікпен шайқасқаны біздер үшін үлкен мақтаныш және өзгеше бір тәрбие болып көрінеді.

Медеу Аманкелдіұлы ОСПАНОВ.

Суретте: тыл және еңбек ардагері Оспан Райысұлы.

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда шағын және орта бизнестің дамуына үлкен мән беруде. Еліміздегі кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға жағдай жасауда. Кәсіпкерлерге қажетті қаржылай және қаржылай емес көмек көрсетілетін мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда.

Өткен жылдан бастап Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шегінде кәсіпкерлерге қаржылай емес қолдаудың операторы болып тағайындалып, үстіміздегі жылдан бастап бұрын «Даму» қорына бекітілген қосымша функциялардың бірқатарын өзіне алды.

«Бір терезе» қағидаты бойынша бір жерде қаржылай емес қызметтерді шоғырландыру үшін еліміздің аудандары мен моноқалаларында «Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары» ашылуда.

Осындай орталық біздің ауданымызда 2015 жылдың 22 сәуірі күні ашылды. Мұнда бизнеске арналған қызметтердің толық тізбесін алуға болады. Оларды Палата филиалының сарапшылары, «ҚазАгроМаркетинг» АҚ консультанттары, жер қатынастары бөлімінің, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің мамандары көрсететін болады. Орталықтың жанында «Кәсіпкерлік мектебі» жұмыс істейді, мектеп-

те өз ісін ашу, кеңейту және жетілдіру бойынша қажетті біліммен қаруландырады.

Орталықтың жұмысы сұранысқа ие болып, ауданның іскер қауымынан қолдау табады деген сенім бар. Өз кезегінде, бұл шағын және орта кәсіпкерлік үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлікті қолдау орталығы Амангелді селосы Маметова көшесі 4 үйде орналасқан (телефон 871440-49000).

А.ЖАМАНСАРИН;
облыстық кәсіпкерлер палатасы Амангелді ауданындағы филиалының директоры

Құттықтаймыз!

ӘЙГІЛІ БАТЫР МЕДАЛІ ТАПСЫРЫЛДЫ

Жақында Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында аудандық қорғаныс бөлімінің бір топ жұмысшы-қызметкерлеріне Кеңестер Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдінов медалі тапсырылды.

Бұл медальға бөлім басшысы Сәбит Аймұханов, бөлімнің бөлімше басшысы Арман Баймағанбет және бөлім күзетшісі Берік Нұғманов ие болды.

Бөлім басшысы Сәбит Асылбекұлы Аймұханов өзіне сеніп тапсырылған қызметті адалдықпен атқарып келеді. Сол сияқты, бөлімнің күзетшісі Берік Нұғманов та адалдығы мен тиянақтылығын талай мәрте көрсеткен азамат.



Бұл медалдар оларға көп көрсетілген құрмет іспетті. Жылғы жемісті еңбегіне

Өнет ЖҰМАБЕК

Суретте: (солдан оңға қарай) Б.Нұғманов, А.Баймағанбет, С.Аймұханов.

Аудан әкімдігінің №59 ҚАУЛЫСЫ

14 сәуір 2015 жыл. Амангелді ауылы.

ЕЛДІ-МЕКЕНДЕРДІҢ АУМАҚТАРЫН АБАТТАНДЫРУ, ҚОҒАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТАЗАРТУ, ЖӨНІНДЕГІ КӨКТЕМГІ ЖӘНЕ КҮЗГІ АЙЛЫҚТАРДЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 16) тармағына сәйкес, Амангелді ауданы аумағындағы елді-мекендердің аумағын абаттандыру, қоғалдандыру және тиісті санитарлық тәртіпке келтіру мақсатында Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2015 жылдың 16 сәуірінен бастап 21 мамырына дейін және 20 тамыздан бастап 17 қыркүйекке дейін елді-мекендердің аумақтарын абаттандыру, қоғалдандыру және санитарлық тазарту, жөніндегі көктемгі және күзгі айлықтары өткізілсін.

2015 жылғы 24 сәуірде жалпы аудандық сенбілік ұйымдастырылсын және әр аптаның бейсенбісі «Тазалық күні» болып белгіленсін.

2. Елді-мекендердің аумақтарын абаттандыру, қоғалдандыру және санитарлық тазарту, жөніндегі көктемгі және күзгі айлықтарды өткізу жөніндегі аудандық комиссия қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. «Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) «Жасыл жапырақ - Зеленый лист» табиғатты қорғау акциясы аясында аудан бойынша жас көшеттерді отырғызуды ұйымдастырсын;

2) Жас көшеттерге қажетті күтім жасалуын ұйымдастырсын.

4. Ауыл, ауылдық округ әкімдері:

1) Ауыл, ауылдық округтердің аумағындағы тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, мал шаруашылығы қалдықтарын шығаруды қамтамасыз етсін;

2) рұқсат етілмеген қоқыстарды жоюды ұйымдастырсын.

5. Амангелді ауданы әкімдігінің «Аман-Су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны:

1) ауыз су жіберуші құдықтардың жағдайын тексерсін және құдықтарды санитарлық нормаларға сәйкес келтірсін;

2) ауданның су жүргізетін , таратушы желілеріне залалсыздандыру мен жуу, алдын-ала жөндеу жұмыстарын жүргізісін;

3) таза су резервуарын тазартып, залалсыздандыру жүргізісін.

6. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Амангелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) қызметкерлерін қатыстыра отырып, қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарын орындамаған лауазымды тұлғалар мен азаматтарға әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қаласовқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Амангелді ауданының әкімі	Ж.ТАУКЕНОВ
---------------------------	------------

Әкімдіктің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №59 қаулысына қосымша

Елді-мекендердің аумақтарын абаттандыру, қоғалдандыру және санитарлық тазарту, жөніндегі көктемгі және күзгі айлықтарды өткізу жөніндегі Амангелді аудандық комиссиясы ҚҰРАМЫ

Қаласов М.Д. - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

Қаирбеков Р.М. - «Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары

Калиев Д.Б. - «Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Дихамбаев М.С. - Амангелді ауылдық округінің әкімі

Тобағабулов М.М. - «Амангелді ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

Оспанбек А.Н. - «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Амангелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы (келісім бойынша)

Сыздықов М.Р. - «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі Қостанай облысының Ішкі Істер департаменті Амангелді ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша)

Таубаев К.К. - Амангелді ауданы әкімдігінің «Аман-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры

Баймағамбет Қ.К. - Қабырға ауылдық округінің әкімі

Жақыбаев Ғ.Т. - Үрпек ауылдық округінің әкімі

Токтаров Д.Т. - Байғабыл ауылдық округінің әкімі

Айтбаев Д.К. - Күмкешу ауылдық округінің әкімі

Молдашов Б.А. - Қарасу ауылдық округінің әкімі

Илиясов Ж.Р. - Амантоғай ауылдық округінің әкімі

Жұмабаева Қ.Ә. - Тасты ауылының әкімі

Әбдіхалыков М.Н. - Қарынсалды ауылдық округінің әкімі

Әбдіғали Н.Қ. - Үштоғай ауылдық округінің әкімі

Алтынсарин Ж.Қ. - Ақсай ауылының әкімі.

Хабарландыру

АМАНГЕЛДІ СЕЛОСЫ ТҮРГЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Құрметті Аманкелді селосының тұрғындары!

Амангелді ауданы әкімдігінің «Аман-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Амангелді ауылына қарасты су қоймаларын тазарту және хлормен залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу үшін және алдағы уақытта «таза ауыз су» беру мәселесін талапқа сай келтіру мақсатында сәуір айының 28-30 аралығында су беру уақыты уақытша тоқтатылады. Осыған байланысты 3 күндік су қорымен қамтып алуларыңызды сұраймыз.

Туыңдаған сұрақтар бойынша осы мекеменің 21-9-61 телефонына хабарласуға болады.

Амангелді ауданы әкімдігінің «Аман-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының әкімшілігі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтілік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алдандатыны анық.

«Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен тұрашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттігі асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа дел-дал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүддікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық инсти-туттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әл-ауқатын

Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын алдағы онжылдыққа айқындау мақсатымен Елбасымыздың 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген болатын.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидааттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық елдің әлеуметтік-экономикалық саласының қарыштап дамуын, мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендететіні, тежейтіні баршаға мәлім.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай инсти-туттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезеңсіз құбылып жүріп келеді.

Елімізде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдар жемқорлыққа қарсы жұмыс істеуде, бірақтар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда.

Мемлекеттік қызметкерлердің азаматтармен тікелей байланысқа түсуге жол бермейтін және сыбайлас жемқорлық көріністеріне әкеліп соқтыратын жағдайларды барынша азайтатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер са-ласын дамыту мен мемлекеттік аппараттың жұмысын ақпараттандыру

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ТІКЕЛЕЙ ҚАУІП

жөнінде кешенді шаралар қабылданып келеді. Осы стратегияның мазмұны келесіден тұрады: ағымдағы ахуалды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үрдістер, шешімін талап ететін проблемалар, сы-байлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар, мақсат және міндеттер, мақсат және нысаналы индикаторлар, міндеттер, түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар, мемлекеттік қызмет саласындағы сы-байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғамдық бақылау институтын енгізу, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтын ал-дын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту, стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау.

Осы құжаттың және Қазақстан Республикасының әрбір мемлекеттік қызметкерлерінің ең маңызды мақсат-міндеттері болып сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

А.ОТАШЕВ,

мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Арқалық аймағы бойынша ауданаралық бөлімінің консультанты

жөнінде кешенді шаралар қабылданып келеді. Осы стратегияның мазмұны келесіден тұрады: ағымдағы ахуалды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он үрдістер, шешімін талап ететін проблемалар, сы-байлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін негізгі факторлар, мақсат және міндеттер, мақсат және нысаналы индикаторлар, міндеттер, түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар, мемлекеттік қызмет саласындағы сы-байлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғамдық бақылау институтын енгізу, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтын ал-дын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту, стратегияны іске асыруды мониторингтеу және бағалау.

Осы құжаттың және Қазақстан Республикасының әрбір мемлекеттік қызметкерлерінің ең маңызды мақсат-міндеттері болып сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

А.ОТАШЕВ,

мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Арқалық аймағы бойынша ауданаралық бөлімінің консультанты

КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Конкурсты ұйымдастырушы: «Қостанай облысының әкімдігі кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ.

Орналасқан орны: Қостанай қаласы, пошталық мекенжайы: индекс 110 000, аль-Фараби даңғылы № 65, бизнес орталығы, 9 қабағ № 906 кабинет; электронды поштаның мекенжайы: upr@kostanay.gov.kz; байланыс телефоны: (8-714-2) 575-234.

Конкурстың нысанасы: жеке кәсіпкерліктің ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге және жас кәсіпкерлерге, әйелдерге, мүгедектерге, 50 жастан жоғары адамдарға мемлекеттік грант (меншікті бизнес құруға) ұсыну. «Бизнестің жол картасы 2020» Бизнесіті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасы аясында.

Конкурс нысаны: ашық конкурс

Конкурсқа қатысу шарттары: конкурсқа қайта тіркелген мемлекеттік қолдауға сұраған сәтте дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі үш күнтізбелік жылға дейінгі жеке кәсіпкерлік субъектілері қатыса алады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер тапсыру орны: Қостанай

қаласы, аль-Фараби даңғылы № 65, бизнес орталығы тоғызыншы қабағ, № 906 кабинет;

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер көрсетілген мекенжайы бойынша өзі, пошта немесе өзінің өкілетті өкілі арқылы бекітілген нысан бойынша өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімдері: 2015 ж. «12» мамырдан бастап 2015 ж. «15» мамырға дейін жұмыс күндері сағат 10-нан бастап сағат 17-ге дейін (жергілікті уақыт)

Өтінімдерді тапсыруды бастаған күні мен уақыты: 2015 ж. «12» мамырда сағат 10-нан бастап (жергілікті уақыт)

Өтінімдерді тапсыруды аяқтау күні мен уақыты: 2015 ж. «15» мамырда сағат 13-ке дейін (жергілікті уақыт).

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін келіп түскен өтінімдер қабылдауға жатпайды.

Осы конкурстық құжаттамамен amangeldy.kostanay.gov.kz сайтында танысуға болады.

Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ

«Түбіртекті талап ет — жүлдені ұтып ал!»

2015 жылдың 1 сәуірі мен 30 қарашасы аралығында өткізіледі

Акцияның өткізу мақсаты: - Азаматтардың белсенділігін және халықтың салықтық сауаттылық деңгейін жоғарлату; - Халықтың ақшалай есеп айрысулар барысында бақылау-кассалық аппаратын қолданудың әлеуметтік-экономикалық маңызы жөнінде қоғамдық пікір қалыптастыру; - Азаматтардың тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тұтынушы ретінде өз құқығын қорғай білу мәдениетіне тәрбиелеу; - Қазақстан Республикасы заңдылығы бойынша салық төлеушілерді және қоғамды бақылау-кассалық аппаратын пайдалану талап етілетіндігі туралы ақпараттандыру; - Бақылау-кассалық машинаны қолданысқа енгізу арқылы Қазақстандағы салық төлеушілер арасында салық тәртібін талап ету негізінде бюджетке салық түсімдерін көбейту. - Көлеңкелі экономиканың көлемін қысқарту; - Кәсіпкерлер арасында шынайы бәсекені ынталандыру.

Акция шарты: - Акцияға қатысатын бақылау-кассалық машина түбіртектерінің саны қатысушылардың өздерінің де санына шектеу қойылмайды; - Бұл ретте бақылау-кассалық машинасының 10 түбіртегіне бір ұтыс купоны беріледі; - Бақылау-кассалық машинасының түбіртегі акцияда бір рет қана, акцияны жүргізу кезіндегі 2015 жылдың 1 сәуірден бастап 30 қараша дейін кез келген айында қатыса алады.

Бағалы жүлделерді ойнату ай сайын!

Купонның қабылдау пункты:

МҚД сенім телефоны: 8 7142 53 65 80

МКБ сенім телефоны:

Жеңімпаздар туралы ақпарат бұқарамалық ақпараттар құралдарында және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кірістер Комитетінің интернет-ресурсында www.kgd.gov.kz жарияланады

ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗ

Ұстаз – мектептің жүрегі. Қашанда мектептің мерейін үстем ететін, мамандығының ыстық-суығына көніп, білім беру жолында аянбай тер төгетін де осы ақылшы ұстаз. Республика Президенті Н.Назарбаев өз сөзінде: «Қазір жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеу керек» - деп ашық та анық айтқан болатын. Бүгінде қажетті білімді меңгерген, ауылдың абыройын көтеретін, өмірін өзгертетін жігерлі жастардың көптігі көңіл қуантады. Осындай жастардың бірі Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің құқық пәнінің мұғалімі Ақжанов Бақытбек Ақынғазыұлы. 2009жылы АркМППИ-ды қызыл дипломмен бітірген. Қазіргі таңда Бақытбек Ақынғазыұлы І санатты мұғалім, мектеп қабырғасында аз ғана жыл қызмет етсе де шәкірт тәрбиелеуде бірнеше жетістіктерге қол жеткізген. Шәкірттері аудандық пән олимпиадаларының жыл сайынғы жеңімпаздары. Сонымен қатар Алматы қаласында

өткен Республикалық интеллектуалды «XXI ғасыр көшбасшысы» телекөпір сайысына оқушысы Сапарғали Ардақты қатыстырды. Б.Ақжанов жақын арада өткен аудандық педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, кәсіби және ақпараттық құзиреттілік деңгейлерін, кәсіби шеберліктерін арттыру, шығармашылықпен айналысатын мұғалімдерді қолдау және мадақтау мақсатында өткізілген құқық пәні мұғалімдерінің олимпиадасында жүлделі І орынды иеленіп, мектеп мерейін үстем етті. Бұл дегеніміз Б.Ақынғазыұлының жас болса да ізденімпаз, еңбекқор, білікті маман иесі екенінің дәлелі. Тағы бір айта кетер үлкен жетістігі осыдан бірнеше ай бұрын жас ұстаз өзінің авторлық бағыттағы лицензиясын қорғаған болатын. «Қазіргі Қазақстанда және адамзат қауымдастығындағы заң сипаты»



тақырыбындағы авторлық лицензиясы жоғары деңгейде жасалып, оқулығы шықты.

Бақытбек Ақынғазыұлы қоғамның,

ауданның белсенді азаматы. Бұлай деуімнің себебі үнемі ауданымызда өтетін іс-шараларға белсенді түрде атсалысып, ауданымыздың өркендеп, қанат жайуына өз септігін тигізіп жүр. Дәлірек айтқанда желтоқсан айында Б.Ақжановтың ұйымдастыруымен «Терроризмге жол жоқ» атты аудандық арасында іс-шара болып өтті.

Іс-шара жастарды теріс ағымдардан бойын аулақ ұстауға, діни сауатты болуға, отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған болатын. Осындай тағылымды пікір таластардан өзге жақын арада болып өткен Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамына орай ұйымдастырылған салтанатты концертті жүргізіп, өзін тағы бір қырынан танытты. «Бала жүрегі» кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұру керек» - деп М.Шаханов

ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын.

Бақытбек Ақынғазыұлы үнемі сабағын жаңашыл бағытта өткізіп, әр оқушының жүрегінен орын табуға тырысып, өз білгенін барынша оқушылардың көкейіне ұялатады. Ол кісінің өткізген әр сабағынан ерекше әсер алып, өмірге деген көз қарасымызды қалыптасып, қоғамды жаңаша бір қырынан танимыз. Бәсекеге қабілетті бүгінгінің жастары өздерін ел болашағын тізгіндейтін тұлға болуға тәрбиелеу керек. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан, әлемдік білім кеңістігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті - ұстаздардың қолында.

К.КЕНЖЕАХМЕТОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің ІІ сынып оқушысы

Жақында «Қаламқас» балабақшасында екінші кіші топ тәрбиешісі Қылдыбаева Ғалияның ұйымдастыруымен «Балабақша бәйшешегі» атты бұлдіршіндер сайысы өтті.

Сайыстың мақсаты: балабақшаішілік қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты

Сәбилерді аялайық

БАЛАБАҚША БӘЙШЕШЕГІ

әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Сайысқа 4 топтан 4 қыз бала қатысты.

Сайыстың шарттары: таныстыру; өнерлі өрге жүзер (өз өнерін көрсету); көрпе төсеу, жинау; мақал - сөздің мәйегі (мақал-мәтел айту); сән үлгісін көрсету.

Сайысқа балабақша меңгерушісі Сейткалиева Гүлім, психолог Махамбетова Қализа, тәрбиеші Жанділдина Эльзада қазылық етті.

Сайыста әр қатысушы үлкен дайындықпен атсалысып, өздеріне лайық атаққа ие болды. Атап айтсақ:

«Айгөлек» тобынан Есенаман Нұрайым «Көрермен көзайымы», «Ертөстік» тобынан Закирова Шахбану «Өнерлі қыз», «Жұлдыз» тобынан Серікова Жаншұрай «Сүйкімді қыз», «Гүлдер» тобынан Серікбаева Әмина «Инабатты қыз» атағын иеленді. Әнмен, бимен дүркіреп өткен бұл іс-шара өз дәрежесінде болды.

І.ШЕКЕРОВА,
«Қаламқас» балабақшасы.

Жуырда «Балдырған» балабақшасында «Жігіт сұлтаны» байқауы өтті. Бұл байқаудың мақсаты - балаларды ұлттық сана-сезімге тәрбиелеп, өнерге, білімге баулу.

Сайысқа 4-5 жас аралығындағы ер балалар қатысып, өз шеберліктерін

«ЖІГІТ СҰЛТАНЫ» БАЙҚАУЫ

көрсетті. Нәтижесінде өзін жаксы көрсеткен Серік Думан «Жігіт сұлтаны» атағын жеңіп алды.

Қалған сайыскерлер төмендегідей номинациялар бойынша марапатталды:

Әлібек Диас - «Шебер жігіт», Жанабай Еркін - «Өнші жігіт», Каримов Елжан - «Өнерлі жігіт», Жақыпбеков Жандос - «Сері жігіт», Мирам Нұрали - «Тапқыр жігіт» атақтарына ие болды.

Жеңімпаз бала аудандық «Алтын сақа» байқауына қатысуға жолдама алды. Сайыс көңілді әрі тартымды болып өтті.

С.АСЫЛБЕКОВА,
«Балдырған»
балабақшасының ән-саз мұғалімі.

Құттықтаймыз!

МЕРЕЙТОЙ – 60!

Амантоғай ауылының тұрғыны, қымбатты балдыз, аяулы сіңіліміз, нағашы апамыз **Күләш РАҚЫМЖАНҚЫЗЫН** 1 мамыр күні 60 жасқа толуымен құттықтаймыз. Әрқашан денсаулығыңыз мықты болып, балалардың қызығын молынан көріп, бақытты ғұмыр кешіңіз.

Мерейтой – тарқамайтын мәңгі тойың, Мақсатың, орындалсын барлық ойың. Ғұмырың ұзақ болып, жүз жасай бер, Тасытып отбасыңның абыройын!

Өмірдің жарқыл қосып жарқылына, Уақыттың қарқын қосып қарқынына. Келесің ұйтқысы боп шаңырақтың, Нұр шашып, бояу беріп әр қырына.

Құттықтаушылар: ана-жезесі Майраш-Ахмедия, жиендері.

ЕСКЕ АЛУ

Бірімізге адал дос, бірімізге асыл жар, ардақты әке, қамқор бауыр бола білген асыл азамат, кеше ғана жарқылдап, ортамызда бірге жүрген **Серік ҚОЖАХМЕТҰЛЫНЫҢ** арамыздан кеткеніне 40 күн толады. Өзінді артында қалған жалғыз тұяғың Дастаның мен немерелерің сағынып жүр. Көп жылдар бойы еңбек еткен Телемұнара мекемесіндегі әріптестерің де «Өз ісіне ұқыпты, үлкен жауапкершілік иесі еді» деп күрсіне еске алады. Тағдырға не шара... Өзінді сағынышпен еске ала отырып, жанның - жәннатта, тәнің - рахатта болып, пейіштің нұрына шомыла бер, - деп тілейміз.

Жан жолдасым, асылым, асқарым-ай, Өте шықты бұл өмір қас-қағымдай. Дастанының қызығын көрер шақта, Жер қойнына ей, ажал тастадың-ай.

40 күн болды, сен жоқсың арамызда, Қамқоршымыз сен едің, панамыз да. Аңқылдаған, ақкөңіл жайдарлым-ай, Сағынумен сені еске аламыз да.

Еске алушылар: жарың Роза, апаң Орынбасар және балаларың.

Серік Қожахметұлының 40 күндік асы 2 мамыр күні сағат 12.00-де «Ақниет» тойханасында беріледі.

2015 жылдың ІІ тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке және заңды тұлғаларды қабылдау КЕСТЕСІ

ГРАФИК РАБОТЫ физических и представителей юридических лиц в Коммунальное государственное учреждение «Отдел строительство, архитектуры и градостроительство акимата Амангельдинского района» на ІІ-квартал 2015 года.

Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні, уақыты, телефоны
Қойшығұлов Нұрлан Молдашұлы	«Амангелді ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ-нің басшысы	Сәрсенбі күні сағ: 09:00 - 11:00 Тел. 21-2-02

Құттықтаймыз!

МЧШЕЛТОЙ – 13 ЖАС!

Сүйікті немереміз **Сайлаубекова Әйгерім НҮРЛАНҚЫЗЫН** 22 сәуір – алғашқы мүшел жасы 13-ке толуымен құттықтаймыз!

Сонымен қатар осыбір айтулы күніне орай оған зор денсаулық, ұзақ өмір, озат оқу және шат-шадыманға толы күндер тілейміз.



Игі тілек білдірушілер:
атасы - Сайлаубек, әжесі - Саулет.

ЕСКЕ АЛУ

Әкемізге адал жар, балаларына аяулы ана, немерелеріне ардақты әже, ағайын-туысқа сыйлы болған **Майра МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ** тірі болғанда бейбітшілік мерекесі – 1 мамыр күні 74 жасқа толатын еді. Аман не, ажал ол кісіні мүшел жасында – 73-те ортамыздан алып кетті. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегіміздің төрінде мәңгі жасай бермек. Анамызға Алладан көркем иман тілейміз.

Аяулы қайран анамыз, Өзіне біздер баламыз. Сүйікті туған күнінде, Сағынып еске аламыз.

Тұяғы едің асылдың, Биікке бізді ұшырдың.

Рухына әке-шешенің, Бүгінде сен де қосылдың.

Еңбегінді елейміз, Оқытып дұға жебейміз. Бір Алладан өзіңе, Көркем иман тілейміз.

Еске алушылар: жұбайы Хамит, балалары мен келіндері, күйеу балалары, немерелері, шөберелері және туыс-туғандары.

ЕСКЕ АЛУ

Адал жар, балаларына сүйікті әке болған **Қоржынов Әділет МЫРЗАБЕКҰЛЫНЫҢ** бұл фәниден озғанына 40 күн толып отыр. Әкемізді сағынышпен еске ала отырып, мына өлең жолдарын арнаймыз.

Күліп-ойнап жүруші ең ортамызда жадырап, 40 күн болды қазірде қалғанымызға абдырап. Сене алмай жүрміз әлі де тағдырдың салған ісіне, Өзінсіз мына үйің де қалғандай бос қаңырап.

Отырмыз құран бағыштап туыс-туған қауымың, Артында қалды-ау қамығып жан екен мен бауырың. Рухыңмен жебей жүр жарың мен ұл-қызыңды, Жаның болып жәннатта, иманың болсын жолдасың!

Еске алушылар: әкесі Мырзабек, жұбайы Толғанай, бауырлары және балалары.

САТАМЫН

Арнайы бордақыда тұрған 3 семіз ат сатамын. Бағасы келісім бойынша.

Жана «МТЗ - 920» Беларус тракторын сатамын. Оның құнын жартылай ақшамен, жартылай малмен төлеуге болады. **Нариман.** Ұялы телефондарым: 8-701-389-19-04; 8-771-888-70-08. Ұй телефоным: 23-0-35.

Бисмиллаһ-ир-рахман-ир-рахим! Ардақты ағайын! Мен өз пікірімді ортаға салғым келеді. Бұған көпшілік не дейді, білмеймін. Сөзімді бастамас бұрын артық кетсем, баршаңыздан кешірім өтінемін. Өйткені, кешегі заманда бәріміз де Кеңес үкіметі кезінде туып, сол үкіметтің тәрбиесінде болдық. Жалпы, Кеңес үкіметі күнкөріске жаман болған жоқ. Жамандауға аузым бармайды. Бірақ, ақ дегені – алғыс, кара дегені – қарғыс болып, жер жүзіне ықпалын жүргізіп, айтқанын істетіп тұрған Кеңес үкіметі бір күнде өзінен-өзі ешкімге соқтықпай, халыққа зәредей зиянын тигізбей құлап қалып, оның құрамындағы одақтас республикалар бет-бетіне ыдырап кеткені үшін өз басым осы күні Аллаға шүкіршілік етіп, тәубә деймін! Себебі дінге қарсы келген бұл Үкімет құдыреті күшті Аллатағаланың бұйрығымен құлады. Әйтпесе оны ешбір одақтас республика құлата алмас еді. Мұны бәріміз де мойындауымыз жөн.

Елімізде 1934 жылдан бастап дінге деген қысым өрескел сипат алды. Мешіттер, мазарлар жаппай құлатылды. Жұрт намаз оқи алмайтын дәрежеге жетті. Ағаш белсенділер Алла деген адамның көбін түрмеге тықты. Бірақ, осы кесепаттықтың арты жақсылыққа бармады. Соның нәтижесінде өтірікке құрылған қоғам мұрттай ұшты.

Менің айтайын дегенім - Тәуелсіздік алғанымызға 24 жыл толғалы отыр. Мемлекет саясаты да, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев та дінді сыйлап, тұтынындар деп отыр. Мұның айқын көрінісі - біздің Президентіміздің екі рет қажылық парызын өтеп, бір рет Қасиетті Қағбаға кіруі. Мұнан

Ардагер мәселе көтереді

ЖҰМА НАМАЗЫНА КЕЛІҢІЗДЕР, ЖАМАҒАТ!

артық қандай мысал болуы керек?! Назарбаевтан басқа қай Президент қажылыққа барып, Қағбаға кіріп, халқына тілек тіледі?! Назарбаев мұны барлық билік басындағылар мен халық білсін, дінімізді құрметтесін деп істегені анық. Бүкіл еліміздің ың-шыңсыз басқарып отырған Президентіміз осылай істегенде жалпы көпшілік дінімізге неге илікпейді?

Қазір ауданымыздағы Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітіне менің қатарластарым өте аз келеді. Тіпті келмейді десе болады. Мені қуантатыны - мешітке жастар көп келеді. Жұма намазына қатысады. Бірақ олар да азық етеді. Біздер, үлкендер ең құрығанда Жұма намазына келуіміз керек қой. Асқар Сүлейменов деген білімпаз «Нәтижесіз мың сөзден, кішкентай да болса бір іс артық» деген екен. Сондықтан, мен **ауданымыздың денсаулығы бар барлық ардагерлерін және парызды өтеуге қабілетті барлық тұрғындарын жеті сайын бір рет өтетін Жұма намазына қатысуға шақырамын.** Діннің көркі – мешіт пен намаз. Мешіттің көркі – жамағат! Қалаларда адамдар мешіттерге көп барады. Бізде де осылай болуы абзал. Барлық намаздарға қатыспағанмен, жетісіне бір рет өтетін Жұма намазына қатысуды шешетін мезгіл жетті.

Мен өзім осы мешіттің құрылысы басталғаннан бері басы-қасындамын. Әуелде намазханның алғашқы имамы Бекқожа Алтынсарин атамызға



көмекші болдым, одан осы мешіт салынып, пайдалануға берілгенде оның алғашқы имамы, соғыс және еңбек ардагері Наржанов Әмірбек ағайдың көмекшісі болдым. Біраз жыл мешітті тегін күзеттім. Оған бір тиын да сұраған жоқпын. Содан бері намазханмын. Міне, 24 жыл болды. Жасым алдағы мамыр айында 75-ке келеді. Халқыма Жұма намазға келіндер деп шақыруға құқым бар деп ойлаймын. Жоқ десеніздер, тағы да кешірім сұраймын.

Елге ешқандай пайдасы жоқ бос сөзден гөрі мешітке барып, намаз оқу, әріп тану өзін үшін үлкен сауап! Бізде үлкендер қазір мәңсіз әңгіме айтады. Бірін-бірі іліп-шатады. Біреуді келемеждемесе отыра алмайтындар, бойына ас батпайтындар жоқ емес. Енді үлкейгенде Алладан тілек тілеп, еліміздің, ұлтымыздың, жас ұрпақтың амандығы үшін намаз оқысақ, не артықшылығы бар?! Дүниедегі ең күшті нәрсе - дұға, намаз!

Бұлай боскерсең жүре беруге болмайды. 24 жыл болды намазхандар қатары қарт кісілер арқылы толығын түрі жоқ. Осы дұрыс па? Денсаулығы бар жасы үлкендер Жұма намазына қатысулары парыз. Өз басым Аллаға жалбарынып тілек тілеумен келемін. Бес уақыт намазымды қаза қылған емеспін. Соған сай Аллатағала маған тілеген тілегімді беріп отыр. Бала-шағам аман, отбасы шаруам жақсы, ұрпақтарым өсіп, көбейіп келеді. Алланың бұл бергеніне мың шүкір!

Мешітті көркейту үшін әрбір мұсылман баласы жұмасына оған бір рет барып, намаз оқып, тілек тілеуі абзал. Отырған жерде қатарластарымның туыстарымның және аудан орталығында тұратын барлық ұлт өкілдерінің бәрін Жұма намазына келіндер деп шақырудан жалыққан емеспін.

Мақтанғаным емес, солардың ішінде інім Сағынғали Сейдин көп жылдардан бері Жұма намазынан қалған емес. Ол жақында аудандық мәдениет бөлімінің басшысы болып тағайындалды. Сонда да Жұма сайын намаздан қалмайды. Сол сияқты, Марат Қалқай деген басшы азамат та, аудан әкімі аппаратында қызмет істейтін Азамат Әбілдин деген жас жігіт те Жұма намазынан қалған емес. Мұндай жас азаматтарға риза боларсың.

Соңғы кезде жас қыз балалар да Жұма намазына келіп, қатысып, Алладан тілек тілеп жүргенін көргенде өз басым қарадай қуанамын. Сол балалардың бәріне де жақсылық тілеймін.

Аллатағала бәрін көріп, біліп тұр. Сондықтан, ауданымыз мұнан да көркейсін десек, аудан халқының ынтымақ-бірлігі, инабат-иманы мұнан да артсын десек, Алла жолын құрметтеп, Жұма намазына барайық, ағайын! Мешітімізді қашанғы жетімсіретіп қоямыз. Осы жағдай менің жанымды ауыртады.

Жамағат болып намаз оқу - бір ганибат нәрсе ғой. Тек ардагерлерді ғана емес, алдымен жастары алпыстан асқан мекеме басшыларын және жас басшыларды да Жұма намазына келуге шақырамын. Олар Сағынғали мен Мараттан, Азаматтан үлгі алғандары жөн.

Қазақта «Құдай деген құр қалмайды» деген нақыл бар. Осы нақылдың астарына үңілсеңіз көп нәрсе көзге көрініп-ақ тұр...

Айналайын, ауданымың халқы! Иманды елге - бакыт пен береке қонады. Осыны ұмытпағанымыз жөн. Алланы - тілдің ұшымен, жылтыр сөзбен емес, жүрекпен сыйлап, сүйейік! Алла үшін бәрін де жасайық. Өйткені бізді дүниеге әкеліп, өмірдегі барлық рахатты сыйлаған сол Алла екенін ұмытпайық. Мешітіміз намазханға толсын!

Айта берсек әңгіме көп. Құран Кәрім мен Пайғамбар Хадистері мұсылман баласын ізгілік жолына шақырып, бакытқа бөлейді. Ислам діні ұлтқа бөлуді білмейді. Адамзатқа ортақ.

Әумин!

Бәкір СЕЙДЕҰЛЫ,
зейнеткер, Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің намазханы.

2015 жылдың 20 сәуірі күні аудандық ішкі саясат бөлімі, аудандық ішкі істер бөлімі, «АА» газеті редакциясы, аудандық селолық округ әкімдігі қызметкерлері бірлесіп, Аманкелді селосының батысында орналасқан атышулы «Автобаза» аумағына рейд жасады. Рейд барысында аталған аумақта қалай болса солай төгілген қоқыстар анықталды. Өлген малдың, иттердің өлекселерінің сасық иісі аңқып, бет қаратпайды. Шашылған сағыт, мал қиы, басқа да заттар жал-жал болып жатыр. Сол маңда тұратын тұрғындардың бұл сорақылыққа жандары қалай төзіп отырғандары түсініксіз?

Ең қиыны: былыққан-ылыққан нәрсе атаулының бәрін төккендерді – сол маңда тұратындардың бірде-бірінің көрмеуі мен білмеуі, көрдім-білдім деген бір жанның болмауы.

Рейдке қатысушылар маңайды айнала қарап, тексеріп жүргенде сол тұрғындардың кейбіреуі аулаларында жасырынып қарап тұрды.

Былтыр дәл осы аумақты аудандық ІІБ полицейлері екі күн бойы мұнтаздай етіп тазалап, қоқыстарды машина-машина етіп қоқыс төгетін арнайы орынға апарып төкті, былыққан жерлердің бетіне топырақ төсеп, дұрыстап қойды. Сонда олардың

Көктемгі тазалық айлығының барысын тексереміз

КӨШЕ КӨРКІН КЕТІРГЕН КІМДЕР...?

АМАНКЕЛДІ СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНІҢ НАЗАРЫНА



жұмысын қадағалап тұрған Аманкелді селолық округі әкімінің орынбасары Гаухар Жәнділдіна «АА» газетінің редакциясына арнайы келіп, полицейлердің жасаған жақсы істерін газетке шығаруын сұраған болатын. Журналистер Гаухар Мұратқызының сұранысын орындап, аудан полицейлерінің істеген істері мен суреттерін аудан тұрғындарына үлгі ету мақсатында газет бетіне шығарған. Енді міне, сол жерде тағы да қалай болса солай шашылған қоқыстан көз сүрінеді. Ойран-ботқасы шыққан...



Аудан полицейлері қысты күні әлденеше күндер бойы қоқыс төгетіндерді аңдып жүріп, ұстапты. Абақтыға бір күн жауып, материалды



аумағындағы төгіліп жатқан қоқыстарға тосқауыл қоя алмауымыз қалай? Бұл – дәрменсіздік пе, жалтақтық па? Әлде «Пәледен - машайық қашыптының» көбі ме? Сонда «Автобаза» аумағы Аманкелді селосы бойынша қоқыс төгетін екінші арнайы орынға айналмақ па? Учаскелік по-

Рейдке қатысқандар:
Қанат ЖАЛМАҒАНБЕТОВ,
аудандық ішкі саясат бөлімі КМК бас маманы.
Артур ҚҰЛМАНОВ,
аудандық ІІБ жол полициясы қызметкері.
Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА,
«АА» газетінің арнаулы тілшісі.
Суреттерде: «Автобаза» аумағына төгілген құл-қоқыстар.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын материалдар

қабылданбайды. Макалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 815

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2- қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.